

# 1 МАМЫР – ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ БІРЛІГІ КҮНІ



## ҚҰРМЕТТІ ЦЕЛИНОГРАД АУДАНЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ МЕН ҚОНАҚТАРЫ!

Сіздерді 1 мамыр – Қазақстан халқының Бірлігі күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл мереке – еліміздегі татулық пен тұрақтылықтың, өзара сенім мен құрметтің айқын көрінісі. Бір шаңырақ астында өмір сүріп жатқан сан түрлі этнос өкілдерінің ынтымағы мен бірлігі – Тәуелсіз Қазақстанның ең басты құндылықтарының бірі.

Целиноград ауданы әрдайым қоғамдық келісім мен этносаралық татулықты ту еткен, береке-

бірлігі жарасқан өңір. Бүгінде ауданымыздың тұрғындары ортақ мақсат жолында бірігіп, туған өлкеміздің өсіп-өркендеуіне лайықты үлес қосып келеді.

Бірлік пен өзара түсіністік – тұрақты дамудың берік негізі. Осы құндылықтарды сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу – баршамыздың ортақ парызымыз.

Осы айтулы мереке күні сіздерге зор денсаулық, шаңырақтарыңызға амандық пен бақ-береке, еңбектеріңізге табыс тілеймін! Еліміздің бірлігі нығайып, ынтымағы арта берсін!

Ізгі ниетпен,  
Целиноград ауданының әкімі  
Дарын САБЫРҒАЛИ.

## ■ Тағайындау

### АУДАНЫҢ ЖАҢА ПРОКУРОРЫ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Жуырда аудан әкімдігінде өткен жиында Ақмола облысы прокурорының орынбасары Марат Бақтыбекұлы аудан активін Целиноград ауданының жаңа прокурорымен таныстырды.

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының бұйрығымен кіші әділет кеңесшісі Мухамметсадық Махсудханұлы Әбләзимов Ақмола облысы Целиноград ауданының прокуроры лауазымына тағайындалды.

М.М. Әбләзимов еңбек жолын 2013 жылы Алматы қаласы Жетісу ауданы прокурорының көмекшісі қызметінен бастаған.

Алматы қаласы Түркісіб ауданы прокурорының көмекшісі, Алматы қаласы Медеу ауданы прокурорының көмекшісі, Алматы қаласы прокуратурасы Медеу ауданы прокуратурасының әкімшілік және азаматтық істер бойынша сот актілерінің және атқарушылық іс жүргізудің заңдылығын қадағалау бөлімінің прокуроры, сот актілерінің заңдылығын қадағалау және Алматы қаласы прокуратурасының қылмыстық істер бойынша мемлекет мүдделерін



білдіру басқармасының аға прокуроры лауазымдарын дәйекті түрде атқарды.

Прокуратураның өкімімен Алматы қаласы прокуратурасының қылмыстық істер бойынша сот актілерінің заңдылығын қадағалау және мемлекет мүдделерін білдіру басқармасының прокуроры, Алматы қаласы прокуратурасы аппараты қала прокурорының көмекшісі, Алматы қаласы Әуезов ауданы прокуратурасының соттардағы мемлекет мүдделерін білдіру және қоғамдық мүдделерді қорғау бөлімінің бастығы, Әуезов ауданы прокуратурасының соттардағы мемлекет мүдделерінің білдіру және қоғамдық мүдделерді қорғау бөлімінің бастығы Алматы қаласы, Әуезов ауданы прокурорының орынбасары, Жетісу ауданы прокурорының орынбасары, Алматы қаласы прокуратурасында еңбек етіп, Ақмола облысы Ақкөл ауданы прокурорының орынбасары міндеттерін атқарған.

Жаңа қызметке тағайындалғанға дейін Ақмола облысында мамандандырылған табиғат қорғау прокуроры қызметін атқарды.

Аудан прокурорын таныстыра отырып, Марат Бақтыбекұлы бақылау органдарындағы мол тәжірибесі оған заңдылықты қамтамасыз ету, заң бұзушылықты анықтау, жою және ескерту бойынша міндеттерді ойдағыдай шешуге мүмкіндік беретінін атап өтті.

Целиноград ауданының жаңа прокуроры азаматтардың құқығын, қоғам мен мемлекет мүддесін қорғауға, шағын және орта бизнес өкілдерінің құқығын қорғауға, экологиялық заңнама нормаларын бұзушылықты жоюға бағытталған нәтижелі қадағалау әрекетін жалғастыруы тиіс.

Е. ЕРАЛЫ.

Газет 1928 жылдың қыркүйек айынан шыға бастады



## ■ Президент

### ОЗЫҚ ИДЕЯЛАР ОЛЖАСЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Aiem.ai battle және AI Governance Cup байқауларының жеңімпаздарын марапаттау рәсіміне қатысты



Президент елімізде қоғамның барлық саласын қамтыған ауқымды реформалар жүзеге асырылып жатқанына тоқталды.

– Наурыз айында Қазақстанның жаңа Конституциясы қабылданды. Бұл, ең алдымен, еліміздің келешегі үшін өте маңызды және тарихи қадам болды. Азаматтарымыз, әсіресе, жастарымыз мұны жақсы түсінеді. Олар республикалық референдумға белсене қатысып, Ата заңды қолдап, дауыс берді. Жұртымыз бір қоғам болып жауапкершілік пен отаншылдық рухының озық үлгісін көрсетті. Тұғырына қонған жаңа Конституцияда халқымыздың бірегей болмысы, басты құндылықтары мен биік мақсаттары көрініс тапты. Бүгін осы жиынға ел жастары, білімді, білікті, зияткер азаматтар қатысып отыр. Мен сіздерді Қазақстанның жарқын болашағы деп санаймын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы озық ойлы жастар елімізді биік белестерге бастап, ұлтымыздың мерейін өсіретініне сенім білдірді.

– Халық Конституциясы – өскелең ұрпаққа жол көрсететін темірқазық. Жаңа Ата заңымыз – Әділетті Қазақстанның мызғымас тұғыры. Заң мен тәртіп қағидаты мемлекетіміздің өзегіне, ұлт санасының арқауына айналды. «Таза Қазақстан» тұжырымдамасы халқымыздың туған жерге, тұмса табиғатқа деген қамқорлығын күшейтті. Елімізде қоғамдық маңызы бар жұмысты міндет емес, қастерлі парыз санайтын нағыз жанашыр азаматтар көбейді. Біз оларды еріктілер немесе волонтерлер деп атаймыз. Міне, осы құндылықтардың

бәрі де Халық Конституциясының преамбуласына арнайы жазылды. Мемлекеттің басты байлығы – адам. Сондықтан адам капиталын дамыту конституциялық міндет ретінде айқындалды. Бас құжатта еліміздің ғылым мен білімге, инновацияға басымдық беретіні нақты көрсетілді, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев бүгінде әлемнің аса жоғары жылдамдықпен дамып келе жатқанына назар аударды. Президенттің пікірінше, қазіргідей құбылмалы, дүрбелеңге толы заманда бәсекеге қабілетті ел болып, көш соғында қалмай, өркениетті елге сай өсіп-өркендей беру қажет.

– Елімізде осы бағытта нақты жұмыс істеліп жатыр. Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі құрылды. Жаңа технологияларды енгізу үшін заңнамалық негіз жасалып, Цифрлық кодекс қабылданды. «Жасанды интеллект туралы» Заң күшіне енді. Таяу арада Қазақстанның цифрлық даму бағдарын айқындайтын Digital Qazaqstan стратегиясы бекітіледі. Бәрімізге белгілі, биыл елімізде – «Цифрландыру және жасанды интеллект жылы». Сондықтан алдымызда әлі де көп жұмыс бар. Ширақ қимылдап, тұтас қоғам болып табанды еңбек етуіміз керек, – деді Мемлекет басшысы.

Президент цифрлық технологиялар мен жасанды интеллекттің қарқынды дамуы тәсілдерді үнемі жанартып отыруды талап ететінін атап өтті.

Жалғасы 2-бетте.

■ Президент

**ОЗЫҚ ИДЕЯЛАР ОЛЖАСЫ**

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Alem.ai battle және AI Governance Cup байқауларының жеңімпаздарын марапаттау рәсіміне қатысты**



Жалғасы. Басы 1-ші бетте.

– Есептеуіш инфрақұрылымын ілгерілету маңызды бағыт болып қала береді. Суперкомпьютер кластерінің іске қосылуы еліміздің технологиялық дербестігін нығайтудағы айтулы уақиға болды. Келесі мақсат – елімізде Деректерді өңдеу орталығы алқабын құру. Аталған ауқымды жобаны іске асыру жаңа инвестиция тартуға және өңірлік цифрлық хаб ретіндегі позициямызды күшейтуге мүмкіндік береді. Жаппай цифрландыру және жасанды интеллектті енгізу елімізді жан-жақты жаңғыртудың негізгі факторларының бірі саналады. Бұл мемлекеттік басқару жүйесінен бастап креативті индустрияға дейінгі салаларды қамтиды. Жазда Астанада «Болашақ ойындары» өтеді. Дәстүрлі ережелер мен киберспортты ұштастыратын жарысқа әлемнің 50 елінен мыңға жуық спортшы қатысады. Жаңа спорт түрі озық технологияларды күнделікті тұрмысқа жедел бейімдеуге, ең бастысы, жастар арасында спортты насихаттауға жол ашады, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының айтуынша, күзде Қазақстанда Astana AI Film Festival атты тағы бір маңызды халықаралық байқау ұйымдастырылады.

– Бұл креативті индустрияның дамуындағы іргелі өзгерістерді көрсететін жаһандық деңгейдегі алғашқы іс-шара болмақ. Жасанды интеллект шығармашылық табиғатына түбегейлі бетбұрыс әкеледі, өзін танытудың жаңа формаларын ашады әрі таланттардың алдынан шығатын кедергілерді азайтады. Қазақстан осы жаһандық жаңашылдықтардың бел ортасында болуға ұмтылады. Сонымен қатар жасанды интеллект әсерінен креативті индустрия жойылады, қазіргі күйінде сақталмайды деген пессимистік болжамдарды ескеру керек. Сондықтан барлық үрдісті бақылап, өзгерістерге дер кезінде бейімделу қажет. Фестивальді ұйымдастыру Қазақстанды халықаралық аренадағы инновациялар мен жасампаз бастамалар орталықтарының бірі ретінде көрсету үшін өте маңызды, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев цифрландыру және жасанды интеллектті жаппай енгізу үдерісі ауқымды өзгерістерге жол ашқанын айтты.

– Сондықтан біз азаматтардың әлеуетін арттыруға, оларға цифрлық дағдыларды үйретуге баса мән беріп отырмыз. Бүгінде 650 мыңнан астам студент AI Sana бағдарламасымен білім алып жатыр. Алдағы уақытта жасанды интеллект және deeptech-технологиясына қатысты тағы да 100 мың маман даярлауымыз керек. Биыл елімізде жаңа үлгідегі технологиялық білім ордасы – Жасанды интеллект университеті ашылады. Бұл ғылым саласы үшін маңызды оқиға болмақ. Енді алдымызда тұрған өзекті міндет: біз осы салада білікті маман даярлау ісіне ерекше көңіл бөлуіміз керек. Дарынды жастарды тартып, оларға сапалы білім беру қажет. Сондай-ақ келешегі зор технологиялық жобалар мен компанияларға қолдау көрсету айрықша маңызды. Осындай жүйелі жұмыстың нәтижесі де еліміз үшін тиімді болары анық, – деді Мемлекет басшысы.

Бүгін екі байқаудың жеңімпаздары марапатталатынын

жеткізген Президенттің айтуынша, ұшқыр ой мен терең білім сыңға түсетін мұндай додалардың берері мол.

– Мазмұнды әрі тартысты жарыстар арқылы жаңашылдық, ізденімпаздық, жасампаздық құндылықтары кеңінен дәріптеледі. Қоғамда жаңа технологиялық мәдениет қалыптасады. Alem.ai battle сайысына мектеп оқушылары, студенттер, жас ғалымдар және IT саласының мамандары қатысты. Олар өзара тәжірибе алмасып, бір-біріне қолдау көрсетті. Байқау аясында дарынды азаматтарымыз денсаулық сақтау жүйесі, білім беру саласы және жасанды интеллект модельдерін үйрету мәселесіне қатысты инновациялық шешімдер ұсынды. Сондықтан бұл сайысты озық идеялардың бәсекесі десек, қате болмайды. Осындай шаралар сіздерді кәсіби тұрғыдан шынайды, елімізде және әлемде сұранысқа ие болатын маңызды жобаларды іске асыруға жол ашады деп сенемін. AI Governance Cup байқауының да мән-маңызы айрықша. Бұл сайыста жасанды интеллектті мемлекеттік басқару ісіне енгізуге арналған іргелі бастамалар ұсынылды. Соның ішінде медициналық куәландыру жүйесін автоматтандыру, интеллектуалдық прокурорлық қадағалау, педагогтерді қолдау жүйелерін ерекше атап өтуге болады. Мұның бәрі идея немесе пилоттық жоба деңгейінде қалып қоймауы керек. Негізгі мақсат – озық идеялар мен бастамаларды мемлекеттік құрылымдардың қызметіне кезең-кезеңімен енгізіп, жұмыстың тиімділігін арттыру. Осыған баса назар аудару қажет. Осындай беделді байқауларда жүлделі болу – шын мәнінде, үлкен жетістік. Сіздердің жеңістеріңіз – үздіксіз ізденіс пен табанды еңбектің жемісі екені сөзсіз. Бәріңізге шынайы ризашылығымды білдіремін. Мемлекет жаңашыл, жасампаз азаматтарға зор үміт артады, әрдайым қолдау көрсетеді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы жасанды интеллект саласындағы alem.ai battle ұлттық байқауы мен мемлекеттік органдар арасындағы AI Governance Cup байқауының жеңімпаздарын марапаттады.

alem.ai battle жарысының жеңімпаздары төрт аталым бойынша анықталды:

- AI Young Talents – ағзадағы глюкоза мөлшерін инвазивті емес тәсілмен анықтайтын SuGuard жүйесі;
- AI Driving Power – мұғалімдердің жұмысын автоматтандыруға арналған Ustaz AI шешімі;
- AI Innovators – ЖИ арқылы кәтерлі ісікті ерте кезеңде анықтауға арналған Robio диагностикалық қолғабы;
- Future Builders – ЖИ-модельдерін үйретуге қолданылатын сапалы деректерді жинауға және қалыптастыруға арналған NCSPEECH стартап сервисі.

Үздік ЖИ-шешімдер байқауында мемлекеттік органдар арасынан Ішкі істер министрлігі («AI Қауіпсіздік» аталымы бойынша), Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі («AI Экономика»), Астана қаласының әкімдігі («AI Әлеуметтік саясат»), Ақмола облысының әкімдігі («AI Өңір»), Қарағанды облысының әкімдігі («AI Азаматтарға қызмет») және «KEGOC» АҚ («AI Квзимемлекеттік сектор») топ жарды.

«Egemen Qazaqstan», № 78.

■ Көктемгі егіс жұмыстары – 2026

2026 жылға арналған көктемгі егіс құрылымы

Ауданның АШТӨ-нің алдын ала деректері бойынша биыл көктемгі егіс алқаптары 261,6 мың га деңгейінде болжанады, дәнді және дәнді-бұршақты дақылдарды 219,0 мың га алаңға, майлы дақылдарды 30,0 мың га жерге орналастыру жоспарлануда.

## АУДАНДЫҚ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ БӨЛІМІНІҢ АҚПАРАТЫ

2025 жылмен салыстырғанда егін алқаптары ұлғайды:

- 1589 га дәнді және дәнді бұршақты дақылдар;

- 7933 га майлы дақылдар

Жемшөп дақылдарын өсіру алаңы 20170 га құрайды, картоп отырғызу алаңы 224 га, 57 га алаңына көкөніс алаңына орналастырылады.

**Тұқым материалымен қамтамасыз ету және оны дайындау**

Ауданның ауыл шаруашылығы құрылымдары өздерін 29,5 мың тонна дайындалған жаздық дәнді және дәнді-бұршақты дақылдардың тұқымымен толықтай қамтамасыз етті.

Қазіргі уақытта тұқымдарды толық талдауға ұсыну және тексеру жұмыстары жүргізілуде. Бүгінгі күні егіс сапасын анықтау үшін 28,6 мың тонна тұқым тапсырылды және тексерілді. Тексерілген тұқымдар барлық көрсеткіштер бойынша (тазалық, өңгіштік, ылғалдылық және т.б.) себу сапасына қойылатын талаптарға сәйкес келеді.



### Техниканың дайындығы

Техника паркін ұлғайтуда инвестициялық субсидиялау және техника лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау сияқты мемлекеттік қолдау шаралары маңызды рөл атқарады.

2025 жылы 2 199 млрд. теңге сомасына 39 бірлік ауыл шаруашылығы техникасы сатып алынды.

2026 жылы 574,2 млн. теңге сомасына 7 бірлік ауыл шаруашылығы техникасы сатып алынды.

Мәселен, ағымдағы жылдың егіс науқанына 780-ден астам трактор, 1032 бірлік түрлі маркалы астық сепкіштер, оның ішінде 84 бірлік жоғары өнімді егіс кешендері қатысатын болады. Сондай-ақ, сәйкесінше 405 трактор және 118 автомобиль пойызы бар. Техниканың дайындығы 100%.

Өндірісте заманауи техниканы пайдалану дала жұмыстарын жүргізудің агротехникасы бойынша жедел түрде оңтайлы шешімдер қабылдауға, жанар-жағармай материалдарын үнемдеуге, тыңайтқыштар мен гербицидтерді қолданудың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

### Ауданның ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін арзандатылған дизель отынымен қамтамасыз ету

Егіс науқанын уақтылы жүргізудің негізгі шарттарының бірі – жанар жағармайдың болуы. Ағымдағы жылы көктемгі егіс жұмыстарын жүргізу үшін АШТӨ-нің 4124 тоннаға 84 өтінімі берілді. Күзгі-дала жұмыстарын жүргізуге мемлекеттік ақпараттық жүйе арқылы 4509 тоннасына 83 АШТӨ gosagro.kz. платформасы арқылы өтінім берілді.

Көктемгі егіс жұмыстарын жүргізу үшін ауданның АШТӨ облыстан тиісінше 3661 тонна көлемінде «Petro Retail «ЖШС.» ODS OIL «ЖШС.» «Арна отын компаниясы «ЖШС.» Каз-Шер және Компания» ЖШС «Норд КЗ» операторлары арқылы литріне 281 теңге белгіленген бағамен арзандатылған дизель отыны бөлінді. Ауданның ауыл шаруашылық тауар өндірушілері сайттағы операторларды өздері тандайды gosagro.kz. Дизель отынын алуға өтінімдер мемлекеттік ақпараттық жүйе gosagro.kz. арқылы қабылданады. Фермерлерге арналған жүйе қызметтері тегін. Өтінімдерді операторлар бекітеді. Қазіргі уақытта кірісімшарттар жасасу, жанармайға ақы төлеу және іріктеу жалғасуда. Бүгінгі таңда 489 тонна жөнелтілді.

Қазіргі таңда ылғал жабу жұмыстары басталды.

Аудандық ауыл шаруашылығы бөлімі.



**«Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында өткізіліп жатқан республикалық сенбілікке біздің аудан тұрғындары қатысты.**

Ауқымды шараға ауданның шамамен 20 мың тұрғыны тартылып, халықтың экология және абаттандыру мәселелеріне деген жоғары азаматтық жауапкершіліктері байқалды.

Бұл күні ауданның барлық ауылдық округтері мен елді мекендерінде ағаш көшеттерін отырғызу, аумақтарды санитарлық тазарту, көшелерді, аулаларды және қоғамдық орындарды жинау, сондай-ақ ағаштарды әктеу, бордюрлар мен қоршауларды сырлау жұмыстары ұйымдастырылды.

Елді мекендерді көгалдандыруға ерекше көңіл бөлініп, жүздеген жас ағаш көшеттері отырғызылды. Бұл өз кезегінде экологиялық жағдайды жақсартуға және тұрғындар үшін қолайлы орта қалыптастыруға ықпал етеді.

Аудан орталығы Ақмоладағы «Рухани жаңғыру» саябағында көшет отырғызу акциясы ұйымдастырылды. Оған Ақмола облысы әкімінің орынбасары Елдос Рамазанов, Целиноград ауданының әкімі Дарын Сабырғалиұлы,

## ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ СЕНБІЛІГІ ӨТТІ



сондай-ақ аудан прокурорының орынбасары Дәулет Әлкенов қатысты. Олар тұрғындармен бірге қоғамдық кеңістікті көгалдандыру мен абаттандыруға өз үлестерін қосты.

Экологиялық бастамаға мемлекеттік қызметкерлер, квазимемлекеттік сектор өкілдері, бюджеттік ұйымдардың жұмысшылары, бизнес қауымдастығы, еріктілер мен жастар белсенді түрде атсалысты. Мұндай шараларды өткізу экологиялық ахуалды жақсартуға ғана емес, сонымен қатар тұрғындардың қоршаған ортаға деген ұқыпты көзқарасын қалыптастыруға, тазалық мәдениетін және туған жерге деген жауапкершілікті арттыруға ықпал етеді.

Е. ЕРАЛЫ.

## ЖҰМЫС БЕРУШІЛЕРДІҢ МІНДЕТТЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ОРЫНДАМАҒАНЫ ҮШІН ЖАУАПТЫЛЫҚ

**Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Мемлекеттік еңбек инспекциясы комитетінің Ақмола облысы бойынша департаменті еске салады:**

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің (бұдан әрі - Кодекс) 23-бабы 2-тармағының 27) тармақшасы негізінде жұмыс беруші еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган айқындаған тәртіппен жұмыскермен еңбек шартын жасасу және тоқтату, туралы мәліметтер қамтылған, оған енгізілетін өзгерістер және (немесе) толықтырулар, сондай-ақ демалыстарды беру туралы ақпаратты еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесіне (бұдан әрі - ЕШЕАБЖ) енгізуге міндетті.

ЕШЕАБЖ-дан еңбек шарты туралы мәліметтерді ұсыну және алу тәртібі мен мерзімдері Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 3 қыркүйектегі № 353 бұйрығымен бекітілген Еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесінде еңбек шарты туралы мәліметтерді ұсыну және алу Қағидалармен регламенттелген.

Қазіргі уақытта осы талаптардың орындалуын бақылауды прокуратура органдары мен мемлекеттік еңбек инспекторлары (бұдан әрі - МЕИ) мемлекеттік бақылау шеңберінде жүзеге асырады.

Жұмыс берушілер мәліметтерді ЕШЕАБЖ-ға енгізу жөніндегі міндеттерді орындамағаны анықталған жағдайда МЕИ мерзімі бар нұсқамалар береді. Кодекстің 195-бабына сәйкес МЕИ актілері лауазымды адамдардың, жеке және заңды тұлғалардың орындауы үшін міндетті. Нұсқама орындалмаған жағдайда материалдар әкімшілік жауаптылыққа тарту үшін сот органдарына жіберіледі.

2026 жылы жұмыс берушілер үшін ЕШЕАБЖ-ға ақпаратты уақтылы, сапалы және дұрыс енгізу бойынша бұзушылықтар үшін әкімшілік жауапкершілік белгіленеді. Аталған шара жұмыс берушілердің еңбек қатынастарын рәсімдеу жөніндегі заңнаманы сақтауға неғұрлым жауапкершілікпен қарауына ықпал ететін болады.

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (бұдан әрі - ӘҚБтК) тиісті түзетулер дайындады.

ӘҚБтК-нің 98-бабын мынадай мазмұнмен толықтыру ұсынылады:

«Жұмыс берушінің жұмыскермен еңбек шартын жасасу және тоқтату, оған енгізілетін өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесіне енгізу жөніндегі Қазақстан Республикасының заңнамасының келесі түрде жасалған бұзушылық:

- 1) еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесіне ақпаратты белгіленген мерзімдерде енгізу немесе уақтылы енгізу;
- 2) еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесіне ақпаратты толық көлемде енгізу;
- 3) дәйексіз және (немесе) дұрыс емес ақпаратты еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесіне енгізу –
  - \* лауазымды тұлғаларға - 30 АЕК,
  - \* шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға - 60 АЕК,
  - \* орта кәсіпкерлік субъектілеріне - 80 АЕК,
  - \* ірі кәсіпкерлік субъектілеріне - 150 АЕК мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Қайта бұзғаны үшін айыппұлды 2 есеге жақын ұлғайту көзделген:

- \* лауазымды тұлғаларға - 60 АЕК,
- \* шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға - 80 АЕК,
- \* орта кәсіпкерлік субъектілеріне - 100 АЕК,
- \* ірі кәсіпкерлік субъектілеріне - 200 АЕК мөлшерінде.

«Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының негізінде жұмыс беруші қызметін жүзеге асыруды бастаған айдан кейінгі айдың бірінші онкүндігі ішінде сақтандырушымен қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шартын жасасуға міндетті.

ӘҚБтК-нің 230-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының міндетті сақтандыру туралы заңнамалық актісіне сәйкес міндетті сақтандыру шартын жасасуға міндетті тұлғаның міндетті сақтандыру шартын жасаспауы –

- жеке тұлғаларға – 10 АЕК,

- лауазымды адамдарға, жеке жеке нотариустарға, жеке сот орындаушыларына, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – 160 АЕК,
- орта кәсіпкерлік субъектілеріне – 400 АЕК,
- ірі кәсіпкерлік субъектілеріне 1000 АЕК мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Өндірістік объектілерді еңбек жағдайлары бойынша міндетті мерзімдік аттестаттау қағидаларының негізінде орындалатын жұмыстардың қауіпсіздігінің жай-күйін, зияндығын, ауырлығын, қауырттығын, еңбек гигиенасын айқындау және өндірістік орта жағдайларының еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау нормативтеріне сәйкестігін айқындау мақсатында Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін ұйымдардың барлық өндірістік объектілері еңбек жағдайлары бойынша аттестатталуға тиіс.

Аттестаттауды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес аккредиттелген өндірістік объектілерді аттестаттауды жүргізу жөніндегі мамандандырылған ұйымдар 5 жылда бір реттен сиретпей мерзімділікпен жүргізеді.

ӘҚБтК-нің 94-бабына сәйкес жұмыс берушінің Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында белгіленген өндірістік объектілерді еңбек жағдайларының жай-күйі бойынша аттестаттауды жүргізу жөніндегі заңнама талаптарын бұзуы –

- шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – 20 АЕК,
- орта кәсіпкерлік субъектілеріне – 35 АЕК,
- ірі кәсіпкерлік субъектілеріне 50 АЕК мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Кодекстің 23-бабы 2-тармағының 25) тармақшасы негізінде жұмыс беруші еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша ішкі бақылауды жүзеге асыруға міндетті. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі ішкі бақылау еңбекті қорғауды басқару жүйесін құруды және енгізуді, еңбек жағдайларының жай-күйін бақылауды ұйымдастыруды, өндірістік бақылаудың деректерін ежелден талдау жүргізуді, кәсіптік тәуекелді бағалауды (бұдан әрі - КТБағ) және еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі талаптарға келмейтін анықталған сәйкессіздіктерді жою жөнінде шаралар қабылдауды қамтиды.

Кәсіптік тәуекелдерді басқару қағидаларының нормалары бойынша КТБағ өндірістік (технологиялық) процестер (технологиялық, бизнес-процестер) және ұйым қызметінің түрлері бөлінісінде әрбір кәсіп (жұмыс орны) бойынша еңбек жағдайларын олардың Қазақстан Республикасының еңбекті қорғау саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкестігіне кешенді бағалауды қамтиды және мыналардан тұрады:

- 1) еңбек жағдайларының зияндылығын (зиянды өндірістік факторлардың әсерін) бағалау;
- 2) еңбек жағдайларының жаракат алу қаупін бағалау (қауіпті өндірістік факторлардың әсері);
- 3) өндірістік жағдайдың қауіпсіздігін бағалау;
- 4) жеке қорғаныш құралдарымен (бұдан әрі – ЖҚҚ) қамтамасыз етілуі бағалау;
- 5) сырқаттанушылықты бағалау.

КТБағ жүргізу кезеңділігі КТ дәрежесін ескере отырып 5 жылда кемінде бір рет белгіленеді:

- 1 дәреже (жол берілетін тәуекел) – 5 жылда бір рет;
- 2 дәреже (төмен тәуекел) – 3 жылда бір рет;
- 3 дәреже (орташа тәуекел) – 2 жылда бір рет;
- 4 дәреже (жоғары тәуекел) – жыл сайын;
- 5 дәреже (өте жоғары тәуекел) – тәуекелді жою бойынша түзету шараларынан кейін.

ӘҚБтК-нің 93-бабында еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау ережелерін бұзғаны үшін бірқатар айыппұл санкциялары қарастырылған.

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Мемлекеттік еңбек инспекциясы комитетінің Ақмола облысы бойынша департаменті жұмыс берушілер мен жұмыскерлерді еңбек қатынастары, сондай-ақ еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау жөніндегі заңнама нормаларын мүлтіксіз сақтауға шақырады.

Уақыт БЕЙСЕМБАЕВ,

Департамент басшысының міндетін атқарушы.

## ДІН МӘСЕЛЕЛЕРІ ҚОЗҒАЛДЫ

**Қазақстан Республикасы мәдениет және ақпарат министрлігі, Дін істері комитетінің қолдауымен ағымдағы жылдың 6-10 сәуір күндері республикалық деңгейдегі ақпараттық түсіндіру тобының мүшелері Ақмола облысының тұрғындарымен кездесіп, түсіндірме жұмыстарын жүргізді.**

Аталған кездесудің мақсаты - халықтың дінтанымдық сауаттылығын арттыру және дін саласындағы мемлекеттік саясатты түсіндіру жұмыстарын жүргізу арқылы қоғамда жалған діни идеялардың таралуын болдырмау, діни экстремизмнің алдын алу болып табылады.

Аталған бағытта жалпы саны 20 шақты іс-шара ұйымдастырылып, 600-ден астам адам қамтылды.

Аталған іс-шараға Ақмола облысы дін істері басқармасы «Конфессияаралық қатынастарды талдау және дамыту орталығы» КММ теолог-маманы Жақанов Сәкен Бағдатұлы, «Qamqor-Astana» ҚК «Ақпараттық – түсіндіру жұмысы» бөлімінің лекторы Арман Нұрахметұлы, «Qamqor-Astana» ҚК «Оңалту және бейімдеу» бөлімінің теологы Сақан Дастан Дарханұлы, – «Дінтанушылар конгресі» қоғамдық бірлестігінің төраға орынбасары Қуатов Арулан Қуанышұлы және дін мәселелері бойынша республикалық деңгейдегі ақпараттық түсіндіру тобының мүшелері қатысты.

Түсіндіру тобының мүшелері халық арасында «Дін саласындағы заңнаманы бұзғаны үшін жауапкершілік шаралары», «Деструктивті діни ағымдардың адамдарды тарту (вербовка) әдістері», «Интернет кеңістігі арқылы таратылатын деструктивті діни идеологиялардың қауіптілігі», «Әлеуметтік желідегі заңсыз діни насихат жүргізудің қауіптілігі», «Әлеуметтік желілердегі деструктивті діни ағымдардың зияны», «Қазақстан Республикасы зайырлы мемлекет» және т.б тақырыптарда түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Кездесу барысындағы ақпараттық-түсіндіру жұмыстарына мемлекеттік қызметкерлер, мектеп оқытушылары, жұмысшылар, медицина саласының өкілдері, қандас ағайындар, жастар және былайғы жұртшылық қатысты.

А. ҒҰМАР, директор.

## ҚҰРМЕТТІ ТҰРҒЫНДАР МЕН АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖАНУАРЛАРЫНЫҢ ИЕЛЕРІ!

**«Целиноград ауданының ветеринариялық станциясы» ШЖҚ КМК ескертеді: жануарларға уақытылы екпе жасау (егу) және оларды диагностикалау - құтыру, топалаң, бруцеллез және туберкулез сияқты қауіпті аурулардың алдын алудың негізі.**

Барлық жоспарлы ветеринариялық іс-шаралар тегін жүргізіледі. Сіздерді жануарларды ұстауға жауапкершілікпен қарауға шақырамыз: оларды есепке алу мен сәйкестендіруді қамтамасыз ету, уақытылы екпе жасау (егу), ауру, өлім-жітім немесе жануарлардың мінез-құлқындағы өзгеше көріністері бойынша дер кезінде хабарлау, сондай-ақ иттер мен мысықтарды бақылаусыз жібермеу қажет, өйткені қаңғыбас ит пен мысық көбінесе құтыру ауруының тасымалдаушылары болып табылады.

Сондай-ақ ауыл шаруашылығы жануарларының иелерінен «TortTulik» мобильді қосымшасын жүктеп алуды сұраймыз. Бұл қосымша арқылы сіз өз жануарларыңыз туралы ақпаратты ыңғайлы түрде қарап, олардың есебін бақылап, қажетті мәліметтерді цифрлық форматта ала аласыз.

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі №339 «Ветеринария туралы» Заңына сәйкес (4-тарау, 25-бап), жануар иелері мынаны назарда ұстаулары қажет. Олар:

- ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіруді қамтамасыз етуге;
  - жануарларды сатып алу, төл алу, сою және өткізу туралы ветеринариялық қызметтерге хабарлауға;
  - жануарлардың өлім-жітімі, ауруы немесе жануарлардың мінез-құлқындағы өзгеше көріністері бойынша хабарлап, мамандар келгенге дейін оларды оқшаулауға;
  - уақытылы екпе жасау (егу) мен диагностиканы қамтамасыз етуге;
  - ветеринариялық мамандарға көмек көрсетуге міндетті. Осы талаптарды сақтау - сіздің шаруашылығыңыздың қауіпсіздігі мен халық денсаулығының кепілі.
- Барлық сұрақтар бойынша «Целиноград ауданының ветеринариялық станциясы» ШЖҚ КМК-ға немесе жергілікті ветеринар дәрігеріне хабарласыңыз: 8-716-51-30-0-56.**

О. ТӨКЕНОВ,

аудандық ветеринариялық станциясының басшысы.

23 сәуір — Ұлттық кітап және кітапханашылар күні

# КІТАП — РУХАНИ ДАМУДЫҢ АЛТЫН КӨПІРІ

23 сәуір — Ұлттық кітап және кітапханашылар күні. Бұл мереке Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен қоғамда оқу мәдениетін арттыру, кітапқа құрметті күшейту және рухани қазынаны дәріптеу мақсатында бекітілген болатын.



Кітап — адамзат өркениетінің ең ұлы жетістіктерінің бірі. Ол ғасырлар бойы жинақталған білім мен тәжірибенің, тарих пен тағдырдың куәсі. Кітап арқылы біз өткенді танымыз, бүгінді түсінеміз, болашақты болжаймыз. Сондықтан кітап оқу — тек білім алу емес, ол — рухани кемелденудің жолы.

Қазақ халқы қашанда кітап пен білімді жоғары бағалаған. «Оқу — инемен құдық қазғандай» деген нақыл сөз бекер айтылмаса керек.

Ұлы қазақ ақыны, ағартушы, философ, композитор, жазба қазақ әдебиеті мен әдеби тілінің негізін қалаушы, қоғам қайраткері Абай Құнанбайұлы да жастарды білімге, кітап оқуға шақырып, «Артық ғылым кітапта, ерінбей оқып көруге» деп өсиет қадырған. Бұл сөздер күні бүгінге дейін өз маңызын жоғалтқан емес.

Ұлттық кітап күні аясында еліміздің түпкір-түпкірінде түрлі мәдени іс-шаралар ұйымдастырылады. Кітапханаларда көрмелер қойылып, әдеби кештер өтеді.

Аудан орталығы Ақмолдың Мәдениет үйінде Ұлттық кітап күніне орайластырылып, тамаша кездесу өтті. Оған ауылдық округ кітапханашылары, мектеп оқушылары, орталық кітапхана оқырмандары, ұстаздар мен ауданымыздың құрметті ақын-жазушылары, зейнеткер ұстаздар қатысты.

Қараөткел ауылдық мектебінде 50 жыл ұстаздық еткен Әмина Қазенова апайымыз, Ақмол ауылының тұрғыны, өлкетанушы, бірнеше кітаптың авторы Серік Қанапин, қараөткелдік азамат, мамандығы дәрігер болса да кітап жазумен айналысып жүрген зейнеткер Бөгембай Әйтенов, Қазақстан жазушылар одағының мүшесі, Жалғызқұдық ауылының ұстазы, бірнеше кітаптың авторы Сәнді Аққұлай секілді қадірлі жерлестеріміз осы мерекеге орай, арнайы жазған өлең-жырларын оқып, кітапқа байланысты бастарынан өткерген қызықты жайттарымен бөлісті.

Мәдениет, тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Айгүл Сүйінжанова жалпы аудан кітапханаларының жұмысы ту-



ралы баяндама жасап, түрлі байқауларда жүлделі орындарға ие болған кітапханашыларымыз мен оқырмандарымызды аудан әкімі атынан Алғыс хатпен марапаттады.

Жиын соңында Мәдениет үйінің өнерпаздары әннен шашу шашып, мерекені гүлдендіріп жіберді.

Осы аталмыш мерекені ұйымдастырған орталық кітапхананың жетекшісі Бақыт Хамитқызына айтар алғысымыз шексіз. Еңбектеріңіз жемісті болсын, дейміз кітапсүйер қауымның атынан.

**Р. ҚАДІРЖАН.**

**Ақмол.**

## ■ Дін және Біз

### ҚОҒАМДАҒЫ ЖАТ АҒЫМДАР ЖӘНЕ ОЛАРДАН САҚТАНУ

**Бүгінгі таңда еліміздің рухани кеңістігінде түрлі діни ағымдардың белсенділігі байқалады. Мемлекетіміздің басты құндылығы — ішкі тұрақтылық пен конфессияларлық келісім. Алайда, діни сауаттылықтың төмендігі кейде осыған үңқаса келтіреді.**

Бұл азаматтарымыздың жат ағымдардың жетегінде кетуіне себеп болып жатады. Бүгінде діни сауаттылық — тек рухани қажеттіліктің емес, әрбір азаматтың және тұтас мемлекеттің қауіпсіздігінің кепілі.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында елімізге енген кейбір діни ағымдар бүгінде қоғамның ішкі тұтастығына сызат түсіретін деңгейге жетті. Осы орайда, Ақмола облысы дін істері басқармасы Түркиядан бастау алып, елімізде белсенділік танытып жүрген кейбір діни топтардың қызметіне, нақты мақсаттары мен жұмыс әдістеріне қатысты түсіндірмені назарларыңызға ұсынады.

Соңғы уақытта қоғамда «Нұршылар», «Сүлейменшілер» деген атауларды жиі естиміз. Бұл сопылық бағыттағы топтардың барлығы дерлік XX ғасырда Түркия Республикасындағы саяси және әлеуметтік өзгерістер кезеңінде пайда болған. Олар 1990 жылдардың басында Қазақстан тәуелсіздік алған тұста, еліміздегі рухани бос орындар толтыру мақсатында діни-ағартушылық бағытты жамылып, дендеп ене бастағаны баршаға мәлім.

Бұл жамағаттардың басты ерекшелігі — «тұлға табыну». Олар исламның негізгі қайнар көздерінен (Құран мен Сүннет) гөрі, өз көшбасшыларының (Саид Нұрси, Сулейман Хильми Тунахан) жазбалары мен айтқандарын бірінші кезекке қояды. Яғни, азаматтардың еркін ойлау қабілетін шектеп, тек өз «ұстаздарының» немесе «пірлерінің» айтқанын ғана ақиқат деп қабылдауға мәжбүрлеулері басым.

Соның ішінде ең көп тарағандары: «Нұршылар». Бұл топ Саид Нурсидің «Рисале-и Нұр» жинақтарын негізге ала отырып, адамдарды өз ортасына тартады. Олардың қызметі көбіне кітап оқу шеңберлері («дерсханалар») арқылы жүзеге асады. Мақсаттары — діни идеологияны зияткерлік деңгейде тарату арқылы қоғамның саяси және әлеуметтік құрылымына әсер ету. Осы арада, Қазақстанда «Нұршылар» ағымының қызметіне сот шешімімен тыйым салынғанын естеріңізге саламыз.

Ал, енді «Сүлейменшілерге» келсек, (Сулейман Хильми Тунахан жамағаты), бұл топ көбіне тұрғындар арасында медресе деп аталатын пансионаттар мен жатақханалар, қайырымдылық

мекемелері желісі арқылы әрекет етеді. Жастарды тегін жатын жаймен және тамақпен қамтамасыз ету арқылы оларды өз идеологиясына тартып, баулиды.

Оқшаулану, мемлекеттік білім беру стандарттарынан тыс өз ішкі тәртіптерін орнату және жастарды ата-анасынан, ортасынан алыстату керек жағдайда жалған ақпарат беру сияқты қауіпті төндіреді. Сүлейменшілердің зайырлыққа деген көзқарасы олардың тарихи тәжірибесімен тығыз байланысты. Олар зайырлыққа ашық түрде қарсы шықпайды, бірақ, оны «қажетті шектеу» ретінде қабылдайды.

Бұл ағымдар қазақтың ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрін (келін түсіру, ас беру, ұлттық киім, домбыра) «шариғатқа қайшы» деп танып, халықты өз тамырынан ажыратуға тырысады.

Қазақстан — зайырлы мемлекет. Біздің басты құндылығымыз ұлттық дәстүрімізбен сабақтасқан дәстүрлі дініміз бен ел бірлігі. Кез келген жат ағымның мақсаты қоғамды іштей іріту болып табылады. Сондықтан, Ақмола облысы дін істері басқармасы осы жағына сақ болуды ескертеді: Жат идеологияның жетегінде кетіп, болашағыңызға балта шаппаңыздар. Дін — жеке адамның сенімі ғана емес, бұл қоғамдық тұрақтылықтың негізі. Күмәнді пансионаттар, рұқсат етілмеген жекеменшік жатақханалар мен «қайырымдылық мекемелерінен» аулақ болыңыздар. Кез келген діни мәселелер бойынша тек ресми түрде мәшіттер мен мемлекеттік органдарға, яғни, дін істері мамандарына жүгініңіздер.

Діни білім алғыңыз келсе немесе балаларыңызды діни оқуға бергіңіз келсе, келесі жайттарға назар аударыңыздар:

Діни рәсімдер мен сабақтарды тек Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы (ҚМДБ) бекіткен мәшіттер мен медреселерден алу қажет. Күмәнді діни әдебиеттерді, әсіресе, жоғарыда аталған топтардың кітаптарын оқудан және таратудан аулақ болыңыздар. Отбасылардың бұзылуына (жамағатқа кірмеген туыстарды «адасқан» деп санау), қоғамның «біз» және «олар» болып бөлінуіне жол бермеңіздер. Жабьқ діни ортада тәрбиеленген адам кез келген уақытта радикалды әрекеттерге бейім болады, өйткені, оның санасы тек бір орталықтан басқарылады.

Осыны естеріңізге ұстап, қаперден шығармаңыздар!

**Болат ҚАСЕНОВ,**

**Ақмола облысы дін істері басқармасының басшысы.**

## Хабарландыру

«Алит-Астана» ЖШС «Ақмола облысының Қорғалжын ауданындағы Сабындық-5 «құм кен орнын жою жоспарына қоршаған ортаны қорғау бөлімі» бойынша қоғамдық талқылау нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Жария талқылау мерзімі 10 жұмыс күні 13.05.2026 жылдан 26.05.2026 жылға дейін.

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Алит-Астана» ЖШС, БСН 010940000826, мекенжайы: Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Орлыкөл көшесі, 15/1 үй, Email: nursat.astana@mail.ru, тел +77016856080. Жетекшісі Биттев А. Б..

Мемлекеттік экологиялық сараптама объектісінің құжаттамасын әзірлеуші: М.В.Дробот ЖК, мекенжайы 010000, Астана қаласы, Пушкин көшесі, 15 үй, 17 пәтер, 87787419151.

Ескертулер мен ұсыныстар қабылданатын автоматтандырылған ақпараттық жүйеге сілтеме: <https://nbdecology.gov.kz>.

«Stone resources» ЖШС келесі мәселелер бойынша ашық жиналыстар нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізеді:

1. Ақмола облысы Целиноград ауданында орналасқан Жомарт кен орнында құрылыс тасын өндіруге арналған тау-кен жұмыстары жоспарына ықтимал әсерлер туралы есеп жобасы, сондай-ақ Ақмола облысы Целиноград ауданындағы Жомарт кен орнында жер қойнауын пайдаланудың салдарын жою жоспарын әзірлеу үшін міндеттерді айқындау, нұсқаны, іс-шараларды және жоюды орындау критерийлерін таңдау мақсатында.

Тыңдаулар осы мекенжайда өткізіледі:

\* 03.06.2026 ж. сағат 10:00-де, мекенжайы: Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Қабанбай батыр ауылдық округі, Қабанбай батыр ауылы, мәдениет үйі, сондай-ақ Сарыарқа ауылы тұрғындарын жеткізу ұйымдастырылады;

2. Ақмола облысы Целиноград ауданында орналасқан Жомарт кен орнында құрылыс тасын өндіруге арналған тау-кен жұмыстары жоспарына әсер етуге экологиялық рұқсат алуға арналған материалдар.

Тыңдаулар осы мекенжайда өткізіледі:

\* 03.06.2026 ж. сағат 12:00-де, мекенжайы: Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Қабанбай батыр ауылдық округі, Қабанбай батыр ауылы, мәдениет үйі, сондай-ақ Сарыарқа ауылы тұрғындарын жеткізу ұйымдастырылады.

Ашық жиналысты өткізу мерзімі қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімі бойынша қатарынан бес жұмыс күніне дейін ұзартылуы мүмкін. Төтенше жағдай режимі немесе шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда, қоғамдық тыңдаулар Zoom платформасында бейнеконференция форматында өтеді. Zoom сілтемесі: <https://us06web.zoom.us/j/8545882756?pwd=Ykw15qZ10VfsFcPkvbPpOJR3mUmbOH.1&omn=81653036473>

Конференция идентификаторы: 854 588 2756

Kіру коды: Gr93D4

Бастамашы: «Stone resources» ЖШС, мекенжайы: 010000, Астана қ., Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 28-үй, 28-пәтер. БСН: 210740000937 Директоры Жакей Қ.Б.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: NAZ ЖК, Қазақстан Республикасы, Көкшетау қ., Орталық шағын ауданы, 50а/153, тел.: 87017503822.

Жергілікті атқарушы орган: «Ақмола облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, тел.: 8(7162)402807.

Жоба бойынша құжаттама <https://nbdecology.gov.kz/> платформасында және ЖАО-ның [www.upr.akmo.gov.kz](http://www.upr.akmo.gov.kz), <https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-upr/activities/directions?lang=ru> сайтында орналастырылған.

Жоспарланып отырған қызмет туралы ақпарат алуға және құжаттардың көшірмесімен танысуға болатын байланыс деректері: [ogazalinova@list.ru](mailto:ogazalinova@list.ru), +77017503822.

Мүдделі жұртшылықтың ескертулері мен ұсыныстары мына мекенжай бойынша қабылданады: [upr.expertiza@mail.ru](mailto:upr.expertiza@mail.ru).

Жоспарланып отырған қызметтің орналасу координаттары:

- 1 — 50°55'40.63" с.е., 71°43'11.68" ш.б.;
- 2 — 50°55'46.46" с.е., 71°43'26.85" ш.б.;
- 3 — 50°55'33.09" с.е., 71°43'39.20" ш.б.;
- 4 — 50°55'27.25" с.е., 71°43'24.01" ш.б.

Сарыарқа ауылының әсер ету аумағының орналасу координаттары: 51° 2'51.97»С, 71°34'11.19»Ш.

Қабанбай батыр ауылының әсер ету аумағының орналасу координаттары: 50°51'12.99»С, 71°22'15.95»Ш.



**Бас редактор**  
**Ж. С. ТҮГЕЛБАЕВ**

Меншік иесі:  
«Перне» ЖШС  
(Ақмола облысы  
Целиноград  
ауданы)

Газет редакцияның компьютерлік цехында теріліп, беттеледі.  
«Астана Интер-Трейдінг» ЖШС (Астана қаласы, Жұбанов к-сі, 24/1) баспаханасында басылып шығарылды.  
Мерзімдік баспасөз басылым, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою туралы N 16264-Г Күөлгін 2016 жылы 23 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.  
Таралымы — 1000 дана. Тапсырыс-нәрәд N 81.  
Индекс 65821. Газет бейсенбі күні шығады. Көлемі 1 баспа табақ.

Редакция әрбір автордың пікірімен келісе бермейді. Келтірілген деректерге, сондай-ақ хабарландырулар мен жарнамаларға - берген кісілер жауапты.



**Ақмол ауылы Гагарин көшесі, 2**  
**8(716-51) 30-537**

**e-mail: [vestiakmola@mail.ru](mailto:vestiakmola@mail.ru)**

**Сайт: [vestiakmola.kz](http://vestiakmola.kz)**





## ■ Президент

### СТАТЬ ЦЕНТРОМ ИННОВАЦИЙ И СОЗИДАТЕЛЬНЫХ ИНИЦИАТИВ

*Касым-Жомарт Токаев посетил Международный центр ИИ и наградил победителей конкурсов Alem.ai battle и AI Governance Cup*



#### Платформа для развития

Созданный в Астане Международный центр искусственного интеллекта Alem.ai предоставляет возможности для научных исследований, осуществления образовательных программ, стартап-инициатив и прикладных решений в области искусственного интеллекта. Реализуемые проекты направлены на внедрение технологий ИИ в государственный сектор, бизнес и повседневную жизнь. В целом деятельность центра призвана способствовать реализации стратегического курса Главы государства на построение технологичного, современного и конкурентоспособного Казахстана.

В рамках посещения Главой государства центра искусственного интеллекта Alem.ai был запущен проект Astana Smart City. Это ключевая инициатива по созданию интеллектуальной городской инфраструктуры нового поколения.

В ходе презентации генеральный директор Presight Томас Прамотедхам продемонстрировал единую AI-платформу, объединяющую данные и системы города в режиме реального времени, а также возможности их практического применения для повышения эффективности управления.

Касым-Жомарт Токаев также принял участие в запуске ряда образовательных инициатив.

По поручению Президента в 2024 году на базе Astana Hub была создана школа искусственного интеллекта Tomopow School, успешный опыт которой сегодня масштабируется по всей стране.

В формате телемоста Глава государства запустил сеть Tomopow School в 14 регионах. Обучение в школах будет бесплатным и доступным гражданам старше 18 лет, включая тех, кто делает первые шаги в сфере информационных технологий.

Еще одна образовательная площадка – Центр креативных технологий TUMO Astana – ориентирована на подростков от 12 до 18 лет, желающих освоить цифровые и творческие навыки. Обучение осуществляется по 11 техническим и креативным направлениям, включая генеративный искусственный интеллект, программирование, разработку игр, анимацию, 3D-моделирование, робототехнику, кинопроизводство и цифровую музыку.

Президенту также была представлена концепция AI Research University.

